

**"1941-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысындағы Женіске 60-жыл" мерекелік медалімен марапатталған соғыс ардагерлері мен соғыс жылдарындағы тыл еңбеккерлеріне біржолғы әлеуметтік көмек көрсету Ережелерін бекіту туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 5 сәуірдегі N 261 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Петропавл қаласы Әділет басқармасының 2005 жылғы 25 сәуірде N 13-1-2 тіркелді.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі "Ұлы Отан соғысына қатысушыларға, мүгедектерге және оларға теңестірілген тұлғаларға берілетін жеңілдіктер және әлеуметтік қорғау туралы" N 2247 Заңының 20-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" N 148-II Заңының 31-бабы 1-тармағының 14) тармақшасына сәйкес, Петропавл қалалық мәслихатының 2004 жылғы 24 желтоқсандағы "2005 жылға арналған Петропавл қаласының бюджеті туралы" кезекті он бірінші сессиясының N 2 шешімінің негізінде, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген "1941-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысындағы Женіске 60-жыл" мерекелік медалімен марапатталған соғыс ардагерлері мен соғыс жылдарындағы тыл еңбеккерлеріне біржолғы әлеуметтік көмек көрсету Ережелері бекітілсін.

2. Петропавл қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі (Н.Н.Күшталова) әлеуметтік көмектің тағайындалуын қамтамасыз етсін.

3. Петропавл қалалық қаржы бөлімі (Г.И.Дорофеева) қала бюджетімен бекітіліп бөлінген қаражат шегінде әлеуметтік көмектің қаржыландырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Т.Н.Құлжановаға жүктелсін.

*Қала әкімі*

Қ а л а

2 0 0 5                  ж ы л ф ы                  5                  с ә у і р д е г і                  N                  4

қаулысымен бекітілген

**"1941-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысындағы Женіске 60-жыл" мерекелік медалімен марапатталған соғыс ардагерлері мен соғыс жылдарындағы тыл еңбеккерлеріне біржолғы әлеуметтік көмек көрсету Ережелері**

1. Осы Ережелер "1941-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысындағы Женіске 60 жыл" мерекелік медалімен марапатталған соғыс ардагерлері мен соғыс жылдарындағы тыл еңбеккерлеріне біржолғы әлеуметтік көмектің тағайындау және төлеу тәртібін айқындаиды .

2. Біржолғы көмек алуға, Петропавл қаласында тұратын "1941-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 60 жыл" мерейтойлық медалімен марапатталған, Қазақстан Республикасының заңнамаларымен көзделген тәртіппен арнайы мемлекеттік жәрдемақы алушы азаматтардың құқығы бар.

3. Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтың Солтүстік Қазақстан филиалы берген арнайы мемлекеттік жәрдемақы алушылар туралы мәліметтер базасы негізінде, басқа алатын көмектерінің түріне қарамастан, қала бюджетінде алдын ала қарастырылған сомалар шегінде, біржолғы әлеуметтік көмек тағайындалуы, Петропавл қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі арқылы жүзеге асырылады.

4. Әлеуметтік көмектің мөлшері екі мың теңге сомада, материалдық қолдау көрсету жөніндегі қосымша шара ретінде белгіленеді.

5. Біржолғы әлеуметтік көмекті төлеу, заңнамада белгіленген тәртіппен келісім-шарт жасалған екінші деңгейдегі банкілер арқылы, алушылардың ашылған жеке шоттарына сомаларды аудару үшін, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің берген ведомосінің негізінде жүргізіледі.

6. "1941-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 60 жыл" мерейтойлық медалімен марапатталған тұлғаларға көрсетілетін біржолғы әлеуметтік көмекті қаржыландыру "Жергілікті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жеке санаттарына әлеуметтік көмек" 007-000 функционалдық жіктеу коды бойынша жүргізіледі.